



Panasonic®

Пайдалану нұсқаулары Сандық сымсыз стерео Құлақаспап

Үлгі № **RZ-S500W**
RZ-S300W



RZ-S500W



RZ-S300W

Осы өнімді сатып алғаныңызға рахмет.

Өнімді пайдаланбас бұрын осы нұсқауларды мұқият оқып шығып, нұсқаулықты кейінгі пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

Қауіпсіздік шаралары

■ Құрал

ЕСКЕРТУ:

Өрт шығу, электр тогы соғу немесе өнімнің зақымдалу қаупін азайту үшін,

- Осы құралға жаңбыр, ылғал тиіп кетуіне, сұйықтықтардың тамшылауына немесе шашырауына жол бермеңіз.
- Құралдың үстіне гүлсауыт сияқты сұйықтықпен толтырылған заттарды қоймаңыз.
- Ұсынылған керек-жарақтарды пайдаланыңыз.
- Қақпақтарды алмаңыз.
- Бұл құралды өз бетінше жөндеуге болмайды. Қызмет көрсету бойынша білікті қызмет көрсету маманына жүгініңіз.
- Ақаулық пайда болса, құрылғыны пайдалануды тоқтатыңыз, бірақ өзгертпеңіз не жөндемеңіз.

Келесі жағдайларда пайдаланбаңыз

- Пайдалану, сақтау немесе тасымалдау кезіндегі жоғары немесе төмен шекті температуралар.
- Батареяны отқа немесе ыстық духовкаға лақтыру, я болмаса батареяны механикалық жолмен жару немесе кесу. Бұл жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Тұтанғыш сұйықтықтың немесе газдың жарылысына немесе ағуына әкелуі мүмкін өте жоғары температура және/немесе өте төмен ауа қысымы.
- Бұл құралды жылу көздерінің жанында пайдалануға немесе орналастыруға болмайды.
- Қауіпсіздік үшін қоршаған орта дыбыстарын (мысалы, теміржол өткелдерінде және құрылыс алаңдарында) есту қажет жерлерде бұл құрал арқылы жоғары дыбыс деңгейіндегі музыканы тыңдамаңыз.
- Құрылғыны магнитке сезімтал нәрселерге жақындатпаңыз. Сағат сияқты құрылғылар дұрыс жұмыс істемей қалуы мүмкін.
- Бұл құрал (құлаққап) зарядталып жатқан кезде немесе зарядталып болғаннан кейін қызып кетуі мүмкін екенін ескеріңіз. Құлаққап зарядтау кейсінен жаңа ғана алынып, әлі де қызып тұрса, оны тағып алсаңыз, дене құрылымыңызға және денсаулық жағдайыңызға байланысты терінің қызаруы, қышу және бөртпе сияқты жанама әсерлер туындауы мүмкін.

АБАЙЛАҢЫЗ!

Өрт шығу, электр тогы соғу немесе өнімнің зақымдалу қаупін азайту үшін,

- Осы құрылғыны кітап сөресіне, қабырға шкафына немесе басқа жабық жерге орнатпаңыз немесе қоймаңыз. Құрылғының жақсы желдетілетініне көз жеткізіңіз.
- Бұл құрылғының желдету саңылауларын газет, дастархан, перде және осыған ұқсас заттармен бөгемеңіз.
- Құрылғының үстіне жанып тұрған майшам сияқты ашық жалын көздерін қоймаңыз.


■ Батареялар

- Қыздырмаңыз немесе жалынға жақындатпаңыз.
- Батарея(лар) ды есіктері мен терезелері жабық, күннің сәулесі тікелей түсіп тұрған көліктің ішіне қалдырмаңыз.

■ Құлаққап/Амбушюрлар

- Құлаққап пен амбушюрларды балалардың және үй жануарларының жұтып қоймауы үшін, олардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Қолданыстан кейін оны зарядтау кейсіне салып, сақтау қапқағымен жабыңыз.
- Құлаққап жастықшаларын қауіпсіз түрде бекітіңіз. Егер шығарғаннан кейін құлақ ішінде қалып кетсе, жарақат немесе ауруға себеп болуы мүмкін.

- Құлаққаптарды таза ұстаңыз. Пайдаланғаннан кейін амбушюрларда құлық, бөгде және т.б. заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Егер құлық, бөгде және т.б. заттар болса, амбушюрларды құлаққаптардан шығарып, тазалаңыз. (→ 28, “Амбушюрды тазалау”)
 - Амбушюрларды (B) құлаққаптарда бекітіліген кезінде тазаласаңыз, құлаққаптардағы (A) қорғаныс торын зақымдауыңыз мүмкін.
 - Құлаққаптардың қорғаныс торындағы құлықты, бөгде және т.б. заттарды үрлеп және т.с.с. жолмен алып тастаңыз. Мақта таяқшасымен және т.с.с. заттармен алып тастауға әрекеттенсеңіз, қорғаныс торын бұғаттауыңыз мүмкін, бұл ақауларға әкелуі ықтимал.
 - Егер шашты сәндеуге арналған құрал, макияж және т.б. құлаққаптарға түсіп кетсе, оларды дереу жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүртіп алып тастаңыз. (Қорғаныс торын ұстамаңыз, себебі бұл дыбыстық сипаттамаларға әсер етуі мүмкін.)
- Құлаққаптарды бөгде және т.б. заттардан қорғау үшін оларды зарядтау кейсінде сақтаңыз.
- Құлағыңызды таза ұстаңыз. Амбушюр саңылауларына бұлық немесе басқа бөгде зат жабысып қалса, дыбыс деңгейін азайту сияқты акустикалық сипаттар өзгеруі, сондай-ақ ақаулар пайда болуы мүмкін.



■ Аллергиялар

- Теріге тікелей тиетін құлаққапты немесе басқа бөліктерін пайдалану кезінде өзіңізді жайсыз сезінсеңіз, оларды пайдалануды тоқтатыңыз.
- Үздіксіз пайдалану бөртпе немесе басқа да аллергиялық реакцияларды тудыруы мүмкін.

■ Құлаққаппен тыңдау кезіндегі сақтық шаралары

- Құлаққап мен құлаққап жастықшаларынан шығатын шамадан тыс дыбыс қысымы есту қабілетінің нашарлауына себеп болуы мүмкін.
- Құлаққапты жоғары дыбыс деңгейінде пайдаланбаңыз. Есту мүшелерінің дәрігер-мамандарының кеңесі бойынша, музыканы үздіксіз әрі ұзақ уақыт тыңдамаған дұрыс.
- Егер құлағыңызда қоңырау дыбысын естісеңіз, дыбыс деңгейін азайтыңыз немесе пайдалануды тоқтатыңыз.
- Моторлы көлік құралдарын жүргізген кезде пайдаланбаңыз. Ол жол қозғалысы қаупін тудыруы мүмкін және көптеген аймақтарда заңсыз болып табылады.
- Қауіпті болуы мүмкін жағдайларда өте сақ болуыңыз керек немесе пайдалануды уақытша тоқтатуыңыз керек.

Бұл құралға пайдалану кезінде мобильді телефондардан туындайтын радио кедергісі әсер етуі мүмкін. Егер мұндай кедергі пайда болса, осы құрал мен мобильді телефон арасындағы қашықтықты ұзартыңыз.
Компьютерге қосылған кезде, тек берілген USB зарядтау сымын пайдаланыңыз.
Осы өнімдегі таңбалар (оның ішінде керек-жарақтар) келесіні білдіреді: --- TT

Bluetooth® туралы

Panasonic компаниясы деректерді сымсыз тасымалдау кезінде бүлінген деректер және/немесе ақпарат үшін жауапты емес.

■ Пайдаланылған жиілік ауқымы

Бұл құрал 2,4 ГГц жиілік ауқымын пайдаланады.

■ Осы құралдың сертификаты

- Бұл құрал жиілік шектеулеріне сәйкес келеді және жиілік заңдарына негізделген сертификаты бар. Сондықтан, сымсыз байланысқа рұқсат алудың қажеті жоқ.
- Төмендегі әрекеттер кейбір елдерде заңмен қудаланады:
 - Құралды бөлшектеу/өзгерту.
 - Техникалық сипаттама көрсеткіштерін жою.

■ Пайдалану шектеулері

- Деректерді сымсыз тасымалдау және/немесе Bluetooth® функциясы бар құрылғылардың барлығын пайдалануға кепілдік берілмейді.
- Барлық құрылғылар Bluetooth SIG, Inc. компаниясының тарапынан белгіленген стандарттарға сәйкес келуі тиіс.
- Құрылғының техникалық сипаттамалары мен параметрлеріне байланысты, ол қосылмауы мүмкін немесе кейбір операциялар басқаша болуы мүмкін.
- Бұл құралда Bluetooth® қауіпсіздік мүмкіндіктеріне қолдау көрсетіледі. Бірақ пайдалану ортасына және/немесе параметрлерге байланысты, бұл қауіпсіздік жеткіліксіз болуы мүмкін. Деректерді бұл құралға абайлап тасымалдаңыз.
- Бұл құрал арқылы деректерді Bluetooth® құрылғысына тасымалдау мүмкін емес.

■ Пайдалану ауқымы

Құралды 10 м максималды ауқымда пайдаланыңыз.

Қоршаған орта, бөгеттер немесе кедергілерге байланысты ауқым азаюы мүмкін.

■ Басқа құрылғылардан туындайтын кедергі

- Құрал басқа Bluetooth® құрылғыларына немесе 2,4 ГГц ауқымды пайдаланатын құрылғыларға тым жақын орналасқан жағдайда, радиотолқындардың кедергісіне байланысты құрылғының дұрыс жұмыс істемеуі және шу мен дыбыстың үзіліп шығуы сияқты ақаулықтар туындауы мүмкін.
- Жақын жердегі радиохабар тарату станциясында және т.б. туындайтын радиотолқындар тым күшті болса, бұл құрал дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

■ Мақсатты пайдалану

- Бұл құрал қалыпты әрі жалпы пайдалануға ғана арналған.
- Бұл жүйені радиожиілік кедергісіне сезімтал жабдықтың жанында немесе ортада пайдаланбаңыз (мысалы: әуежайлар, ауруханалар, зертханалар, т.б.).

Мазмұны

Қауіпсіздік шаралары	2
Bluetooth® туралы	4
Пайдаланар алдында	
Керек-жарақтар	6
Техникалық қызмет көрсету	6
(Маңызды) Суға төзімділік туралы	7
Құлаққапты тағу әдісі	8
• Құлаққапты тағу әдісі	8
• Құлаққап жастықшаларын таңдаңыз	8
Бөлшек атаулары	9
Дайындау	
Зарядтау	11
• Құлаққапты және зарядтау кейсін зарядтау үшін, USB зарядтау сымын (жинаққа кіретін) пайдалану	11
• Құлаққаптарды зарядтау кейсімен зарядтау	12
• Батарея қуатының деңгейі туралы хабарландыру	12
Құлаққапты өшіру және қосу	13
«Panasonic Audio Connect» қолданбасын пайдалану	14
Bluetooth® құрылғысын қосу	15
• Құлаққапты Bluetooth® құрылғысымен жұптастыру (тіркеу) арқылы қосылу	15
• Жұптастырылған Bluetooth® құрылғысын қосу	16
Пайдалану	
Музыка тыңдау	17
Телефон арқылы қоңырау шалу	18
Сыртқы дыбысты басқару жүйесін пайдалану	19
Пайдалы функциялар	20
• «Panasonic Audio Connect» қолданбасын пайдалану	20
• Дауысты функцияны белсендіру	20
• Тек бір құлаққапты пайдалану	20
Сенсорлық датчиктермен пайдалану	21
Басқа	
Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру	22
Авторлық құқық және т.б.	22
Ақаулықтарды жою	23
• Дыбыс және аудио деңгейі	23
• Bluetooth® құрылғысының қосылымы	23
• Телефон қоңыраулары	23
• Жалпы	24
• Қуат көзі және зарядтау	24
Техникалық сипаттамалар	25
Өнімді қоқысқа тастау кезінде	27
Амбушюрды тазалау	28

Осы құжатта пайдаланылатын өрнектер

- Сілтемесі бар беттер “→ ○○” ретінде көрсетіледі.
- Өнімнің суреттері нақты өнімнен басқаша болуы мүмкін.
- Егер басқаша көрсетілмесе, бұл пайдалану нұсқауларындағы суреттер RZ-S500W үлгісіне қатысты.

Үлгі атауларын білдіретін белгілер

- Үлгілер арасындағы функционалдық айырмашылықтар төменде үлгі белгілерімен көрсетілген.
RZ-S500W: **RZ-S500W** RZ-S300W: **RZ-S300W**

Керек-жарақтар

Берілген керек-жарақтарды тексеріп, анықтаңыз.

1 x USB зарядтау сымы

RZ-S500W

1 x Құлаққап жастықшаларының жинағы (XS, S, M, L және XL өлшемдері үшін 2 данадан) (құлаққапқа M өлшемі сәйкес келеді)

RZ-S300W

1 x Құлаққап жастықшаларының жинағы (XS, S, M және L өлшемдері үшін 2 данадан) (құлаққапқа M өлшемі сәйкес келеді)

Техникалық қызмет көрсету

Бұл құралды құрғақ әрі жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.

- Құрал өте лас болған кезде, оны суға малынған, жақсылап сығылған шүберекпен сүртіңіз, содан кейін құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Құрамында бензин, еріткіш, спирт, ас үйге арналған жуғыш құрал, химиялық тазартқыш және т.б. заттар бар ерітінділерді пайдалануға болмайды. Бұл сыртқы корпусың майысуына немесе жабынның алынып кетуіне себеп болуы мүмкін.
- Зарядтау клеммаларындағы шаңды жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Үшкір заттарды пайдаланбаңыз.
- Амбушюрларды құлаққаптардан шығарып, құлықты, бөгде және т.б. заттарды алып тастаңыз.
- Амбушюрларды құлаққаптарда бекітілген кезінде тазаласаңыз, құлаққаптардағы қорғаныс торын зақымдауыңыз мүмкін. (Қорғаныс торын ұстамаңыз, себебі бұл дыбыстық сипаттамаларға әсер етуі мүмкін.)

Батарея өнімділігін сақтау

- Ұзақ уақыт бойы пайдаланбаған кезде, бұл құралды батарея өнімділігін сақтау үшін 6 айда бір рет толық зарядтаңыз.

(Маңызды) Суға төзімділік туралы

Бұл құралдың сипаттамалары IEC 60529 стандартының IPX4 баламасы болып табылады, бүркіндіден қорғайтын электрондық құрылғы корпусының қорғаныс деңгейі толықтай су өткізбейтін етіп жасалмаған.

■ IPX4 туралы (су ағынына қарсы сұйықтық кіріп кетуінен қорғау деңгейі)

Бұл құралды бөлме температурасындағы құбыр суы шамамен 1,8 л/мин жылдамдықпен шүмектерден шамамен 20 см қашықтықта барлық бағытта 10 минут бойы аққан соң пайдалануға болады.

Зарядтау кейсі және USB зарядтау сымы (жинаққа кіретін) суға төзімді емес.

Барлық жағдайларда суға төзімді екеніне кепілдік берілмейді.

■ Құралдың су тиюі мүмкін жерлерде (бүркіндіден, жаңбырдан және т.б.) пайдалануға қатысты ескертулер

Келесі сақтық шараларын орындаңыз. Дұрыс пайдаланбау ақаулыққа әкелуі мүмкін.

- Зарядтау кейсін немесе құлаққапты қолыңыз су болса немесе осы құралда (құлаққап немесе зарядтау кейсі) әлі де су тамшылары болса зарядтамаңыз.
- USB зарядтау сымын пайдаланбаңыз.
- Сабынды суды немесе жуғыш затты қолданбаңыз немесе суға батырмаңыз.
- Суық ауа-райында құралға су тамшылары тисе, жұмсақ және құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Су құлаққапқа немесе микрофонға тисе, жұмсақ және құрғақ матамен сүртіңіз.
 - Дыбыс деңгейі азаюы немесе анық естілмеуі мүмкін.
 - Құлаққап жастықшаларында су тамшылары қалса, дыбысты төмен деңгейде естуіңіз немесе мүлдем ештеңе естімеуіңіз мүмкін. Мұндай жағдайда құлаққап жастықшаларын шешіп, су тамшыларын сүртіп тастаңыз.


Су құлаққаптарға немесе зарядтау кейсіне тисе, пайдалануды тоқтатып, дилерге хабарласыңыз. Дұрыс пайдаланбауыңыздың салдарынан туындайтын ақаулық кепілдікте қамтылмаған.

Құлаққапты тағу әдісі


Тиісті шуды басу әсері (тек RZ-S500W) мен акустикаға қол жеткізу үшін, құлаққапты дұрыс тағыңыз. Құлағыңыздың өлшеміне сәйкес келетін арнайы оң жақ және сол жақ құлаққап жастықшаларын таңдап, тағыңыз.

Құлаққапты тағу әдісі

- 1 Құлаққаптың бағдарын (жоғары (a), төмен) және «L» (сол) және «R» (оң) жақтарын тексеріңіз.




- 2 Құлаққапты суретте көрсетілген көрсеткі бағытымен аздап бұру арқылы бекітіп орнатыңыз.



- Құлаққапты таққаннан кейін құлағыңыздан түсіп кетпейтініне көз жеткізіңіз.
- L жағы сол жақ құлаққап екенін білдіретін шығыңқы нүктесі бар.
- Егер құлаққап оңай түсіп қалатын болса, оны басқа өлшемдегі құлаққап жастықшаларымен (жинаққа кіретін) ауыстырыңыз.


Құлаққап жастықшаларын таңдаңыз

Құлаққап жастықшаларын алып тастау әдісі



- Құлаққап жастықшасын саусақ ұштарымен ұстап, оны шығару үшін сәл бұраңыз.

Құлаққап жастықшаларын бекіту әдісі





- Құлаққаптың құлағыңызға мықтап орналасқанына көз жеткізіп, олардың қисайып тұрмағанын тексеріңіз.

Бөлшек атаулары

Негізгі құрылғы (құлаққап)

(Нұсқаулықта бұдан әрі «құлаққап»)



а L жағындағы құлаққап (сол жақ)

- 1 Сенсорлық датчик (L) (сол жақ)
- 2 Сенсорлық датчик (R) (оң жақ)
 - Бұл элементтерді басу түрлі әрекеттерді орындауға мүмкіндік береді. (→ 21, “Сенсорлық датчиктермен пайдалану”)
- 3 Құлаққаптың жарық диодтары^{*1, 3}
- 4 **RZ-S500W** Шуды басуға арналған микрофон
- 5 Құлаққап жастықшалары

б R жағындағы құлаққап (оң жақ)

- 6 Қоңырауларға арналған микрофон
- 7 Зарядтау клеммалары
- 8 L жағы (сол жақ)/R жағы (оң жақ) көрсеткіштері
- 9 **RZ-S500W** Артқы жетек порттары
- 10 L жағын көрсететін шығыңқы нүкте белгісі

*1 Құлаққаптың жарық диодының жану/жыпылықтау үлгілерінің мысалы


Құлаққаптың екі жарық диоды (L және R) кезекпен көк және қызыл түспен жыпылықтайды	Bluetooth® құрылғысын жұптастыру (тіркеу) күту режимінде
Баяу жыпылықтау (көк түс) ^{*2}	Bluetooth® қосылымы күту режимінде
5 секунд сайын екі рет жыпылықтау (көк) ^{*2}	Bluetooth® жүйесіне қосылған кезде (музыканы/қоңырау кезінде ойнату және т.б.)
Жыпылықтау (көк) ^{*2}	Қоңырау қабылдануда

*2 Батареяның қуаты төмендегенде, ол қызыл түспен жыпылықтайды.

*3 Зарядтау кезінде жарық диодтарының жануы мен жыпылықтауы жөнінде ақпарат алу үшін 11-бетті қараңыз.

Негізгі құрылғы (зарядтау кейсі)

(Нұсқаулықта бұдан әрі «зарядтау кейсі»)



- 11 Зарядтау кейсінің қақпағы
- 12 Клемма бөлімі (L жақтағы құлаққап үшін)
- 13 Клемма бөлімі (R жақтағы құлаққап үшін)
 - Клемма бөлімдерін жалаңаш қолмен ұстамаңыз.
- 14 Зарядтау кейсінің жарық диодтары*⁴
- 15 Сертификат туралы ақпарат жапсырмасы (зарядтау кейсінің астыңғы жағы)
 - Үлгі нөмірі сертификат туралы ақпарат жапсырмасында көрсетілген.
- 16 Зарядтау клеммасы
 - Зарядтау кезінде USB зарядтау сымын (берілген) осы клеммаға қосыңыз. (→ 11, “Зарядтау”)

*⁴ Зарядтау кезінде жарық диодтарының жануы мен жыпылықтауы жөнінде ақпарат алу үшін 11-бетті қараңыз.

Зарядтау

Зарядталатын батарея (құралда орнатылған) бастапқыда зарядталмаған күйде болады. Құралды пайдаланбас бұрын, батареяны зарядтаңыз.


- Құлаққаптың немесе зарядтау кейсінің клемма бөлімдерінде шаң немесе су тамшылары болса, тиісті түрде зарядталмайды. Зарядтау алдында шаң мен су тамшыларын сүртіңіз.

Ескөртпе

- 10 °C және 35 °C аралығындағы бөлме температурасында зарядтаңыз.
- Зарядтау кезінде қуатты қосуға немесе Bluetooth® құрылғыларына қосылуға болмайды.

Құлаққапты және зарядтау кейсін зарядтау үшін, USB зарядтау сымын (жинаққа кіретін) пайдалану

Егер құлаққап зарядтау кейсіне салынбаса, зарядтау кейсі өзі зарядталады.



1 Зарядтау кейсін компьютерге (b) жалғау үшін USB зарядтау сымын (берілген) (a) пайдаланыңыз.

- Зарядтау кейсі зарядтауды бастайды. Зарядтау кейсінің зарядталу кезінде оның жарық диодтары (ақ) жанады немесе жыпылықтайды. Олар өшкенде зарядтау аяқталады.
- USB зарядтау сымы клеммаларының бағытын тексеріп, оларды тік ұстап штепсельге қосыңыз/ ажыратыңыз. (Егер клемма қисайтылған күйде немесе дұрыс емес бағытта қосылса, оның майысып кету себебінен қаулық туындауы мүмкін.)

2 Құлаққапты зарядтау кейсіне салыңыз.

- Құлаққаптың L жағы мен R жағын тексеріп, құлаққаптағы зарядтау клеммаларының орнын зарядтау кейсіндегі клемма бөлімдерімен сәйкестендіріңіз. (Егер орындары сәйкес келмесе құлаққап зарядталмайды.)
- Құлаққапты зарядтау кейсіне салғанда құлаққаптың жарық диодының жану әдісі пайдалану күйіне байланысты болады.

Пайдалану күйі	Құлаққаптың жарық диодының жану/жыпылықтау үлгілері
Алғаш зарядтау (сатып алғаннан кейін)	Құлаққапты зарядтау кейсіне салғаннан кейін құлаққаптың жарық диодтары (қызыл) шамамен 5 секунд жанады.
Алғаш зарядтаудан кейінгі кез келген уақытта зарядтау (батарея заряды әлі де бар болғанда)	Құлаққапты зарядтау кейсіне салғанда құлаққаптың жарық диодтары (қызыл) шамамен 3 секундқа жанып, содан кейін өшеді. Шамамен 5 секундтан кейін құлаққаптың жарық диодтары (қызыл) қайта жанады. • Егер құлаққаптың жарық диодтары (қызыл) қайта жанбаса, құлаққап толығымен зарядталған.
Батареясы таусылған кезде (батарея заряды мүлдем болмаған кезде)	Құлаққапты зарядтау кейсіне салғаннан кейін құлаққаптың жарық диодтары (қызыл) шамамен 5 секунд жанады.

3 Құлаққаптың жарық диодтарының (қызыл) жанғанын (зарядтаудың басталғанын) тексеріңіз.

- Құлаққапты зарядтау барысында құлаққаптың жарық диодтары (қызыл) жанады. Олар өшкенде зарядтау аяқталады.
- Зарядтау уақыты (→ 25, “Техникалық сипаттамалар”)

Ескертпе

- Берілген зарядтау сымынан басқа ешқандай USB зарядтау сымдарын пайдаланбаңыз. Бұл ақаулыққа әкелуі мүмкін.
- Егер компьютер күту режимінде немесе ұйқы режимінде болса немесе қосылса, зарядтау орындалмауы мүмкін немесе тоқтауы мүмкін.

Құлаққаптарды зарядтау кейсімен зарядтау

Құлаққаптарды тек зарядталған зарядтау кейсімен зарядтауға болады. Құлаққаптарды сыртта жүрген кезде, тіпті қуат көзі жоқ кезде де зарядтауға болады.

- Зарядтау кейсі толығымен зарядталған кезде, құлаққаптарды шамамен 2 есе зарядтайды.

1 Құлаққапты зарядтау кейсіне салыңыз.

- Құлаққаптың жарық диодтарының жануы (қызыл) Олардың жану әдісін 11-беттегі 2-қадамнан қараңыз.

2 Құлаққаптың жарық диодтарының (қызыл) жанғанын тексеріңіз. (зарядтау басталады)

- Құлаққаптарды зарядтау барысында құлаққаптың жарық диодтары (қызыл) жанады. Олар өшкенде зарядтау аяқталады.
- Бос құлаққаптарды толығымен зарядтау шамамен 2 сағат алады.

Батарея қуатының деңгейі туралы хабарландыру

Осы құралдағы жарық диодтардың жануы немесе жыпылықтауы батареяның қалған зарядын көрсетеді.

■ Құлаққап

Құлаққапты пайдалану кезінде зарядының деңгейі төмендей бастағанда, жыпылықтайтын құлаққаптың жарық диодтары көк түстен қызыл түске өзгереді, содан кейін әр 5 минут сайын бір дыбыс сигналы беріледі. Заряды таусылғанда, нұсқаулық хабары естіледі және содан кейін құрал автоматты түрде өшеді.

■ Зарядтау кейсі

Зарядтау кейсінің қақпағын ашқан кезде, оның жарық диодтары жанады немесе жыпылықтайды және батареяның қалған зарядын көрсетеді.

Зарядтау кейсінің жарық диодтарының күйі		Батареяның қалған заряды
3 жарық диоды жанады		Батарея заряды көп. Батарея заряды азайып жатыр. Құралды зарядтау қажет.
		
1 жарық диоды жанады		

- 1 зарядтау кейсінің жарық диоды жыпылықтаған кезде, батарея заряды одан да төмен болады. Құрылғыны зарядтаңыз.

- Зарядтау кейсінің қақпағы ашылғанда да оның жарық диодтары жанбаса, батарея заряды таусылған. Құрылғыны зарядтаңыз.

Құлаққапты өшіру және қосу

■ Құлаққапты қосу үшін

Құлаққапты зарядтау кейсінен алыңыз.


- Құлаққап қосылады. Дыбыстық сигнал естіледі және құлаққаптың жарық диодтары (көк)* баяу жыпылықтайды.

* Батарея қуаты төмен болғанда қызыл түспен жыпылықтайды.

■ Құлаққапты өшіру үшін

Құлаққапты зарядтау кейсіне салыңыз.

- Құлаққапты зарядтау кейсіне салғанда жарық диодтардың жану әдісі пайдалану күйіне байланысты болады. Олардың жану әдісін 11-беттегі 2-қадамнан қараңыз.



Ескертпе

- Егер құлаққапты пайдалану барысында магнитті зат құлаққапқа жақын болса, ол өшіп қалуы мүмкін. Егер осындай жағдай орын алса, магнитті затты басқа жерге қойыңыз.

«Panasonic Audio Connect» қолданбасын пайдалану

«Panasonic Audio Connect» қолданбасы (тегін) орнатылған смартфонмен немесе планшетпен Bluetooth® байланысын жасау арқылы көптеген функцияларды пайдалана аласыз, мысалы:

- Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту
- Өртүрлі параметрлерді теңшеу (Connection mode (Байланыс режимі) параметрі/Auto power off (Автоматты түрде өшіру) параметрі/Guidance language (Нұсқау тілі) параметрі және т.б.)
- «Құлаққапты ауыстырып-қосу/табу» функциясы
- Батареяның қалған зарядын тексеру
- Осы құжатқа кіру

Дайындау

- Құралды қосыңыз.

1 «Panasonic Audio Connect» қолданбасын смартфонға немесе планшетке жүктеп алыңыз (тегін).



Android:
Google Play



iOS:
App Store



2 «Panasonic Audio Connect» қолданбасын іске қосыңыз.

- Пайдалану үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Ескертпе

- Өрдайым «Panasonic Audio Connect» қолданбасының соңғы нұсқасын пайдаланыңыз.
- Кейде «Panasonic Audio Connect» қолданбасында жұмыс процедураларына, дисплейлерге және т.б. өзгертулер енгізілуі мүмкін. Толық ақпарат алу үшін қолдау көрсету сайтына жүгінізіз.

Bluetooth® құрылғысын қосу

Дайындау

- Құлаққапты зарядтау кейсіне салыңыз.
- Құралды Bluetooth® құрылғысынан шамамен 1 м қашықтықта орнатыңыз.
- Қажет болса, құрылғының жұмысын пайдалану нұсқаулары арқылы тексеріңіз.
- «Panasonic Audio Connect» қолданбасын (тегін) пайдалану Bluetooth® құрылғысына қосылуды жеңілдетеді. (→ 14)

Құлаққапты Bluetooth® құрылғысымен жұптастыру (тіркеу) арқылы қосылу

1 Құлаққаптың екеуін де (L және R) зарядтау кейсінен алыңыз.


- Құрылғымен алғаш жұптастыру кезінде:
Бұл құрылғы қосылатын Bluetooth® құрылғысын іздейді және құлаққаптың жарық диодтары кезек-кезек көк және қызыл түспен жанады.
- Құрылғымен алғаш жұптастырғаннан кейін:
Құлаққапты зарядтау кейсінен алған кезде құлаққаптың жарық диодтары жанады (көк түс). Құлаққаптың жарық диодтары (көк) жанып тұрған кезде (шамамен 3 секунд), егер сенсорлық датчикті (L немесе R) шамамен 7 секунд басып, ұстап тұрсаңыз құлаққаптың жарық диодтары кезек-кезек көк және қызыл түспен жанады.

2 Bluetooth® құрылғысын қосып, Bluetooth® функциясын қосыңыз.

3 Bluetooth® құрылғысының Bluetooth® мәзірінен «RZ-S500W» немесе «RZ-S300W» құрылғы атауын таңдаңыз.

- «RZ-S500W» немесе «RZ-S300W» көрсетілмес бұрын, BD мекенжайы (Bluetooth® құрылғысының мекенжайы: көрсетілетін әріптік-сандық таңба жолы, құрылғы үшін бірегей) көрсетілуі мүмкін.
- Егер құпиясөзді енгізу сұралса, осы құралдың “0000 (төрт нөл)” құпиясөзін енгізіңіз.
- Құлаққаптың жарық диодтары (көк)* шамамен 5 секунд аралығында екі рет жыпылықтағанда жұптастыру аяқталып, байланыс орнатылады.
* Батарея қуаты төмен болғанда қызыл түспен жыпылықтайды.

мысалы, **RZ-S500W**



4 Құлаққап пен Bluetooth® құрылғысының қосылғанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе

- Егер құрылғыға қосылу 5 минут аралығында аяқталмаса құлаққаптағы жұптастыру режимі тоқтатылып, қосылымды күту режиміне ауысады. Жұптастыру әрекетін қайталаңыз.
- Құлаққаппен ең көбі 10 Bluetooth® құрылғысын жұптастыруға болады. Максималды мөлшерден асқаннан кейін құрылғыны жұптастырсаңыз, алдыңғы құрылғылар қайта жазылады. Қайта жазылған құрылғыларды пайдалану үшін, жұптастыру әрекетін қайталаңыз.

Жұптастырылған Bluetooth® құрылғысын қосу

- 1 Құлаққапты зарядтау кейсінен алыңыз.**
 - Құлаққаптың жарық диодтары (көк) жанып, құлаққап шамамен 3 секундтан кейін қосылады. Дыбыстық сигнал естіледі және құлаққаптың жарық диодтары (көк)* баяу жыпылықтайды.
* Батарея қуаты төмен болғанда қызыл түспен жыпылықтайды.
- 2 “Құлаққапты Bluetooth® құрылғысымен жұптастыру (тіркеу) арқылы қосылу” (→ 15) бөлімінің 2-3 қадамдарын орындаңыз.**
- 3 Құлаққап пен Bluetooth® құрылғысының қосылғанына көз жеткізіңіз.**

Ескертпе

- Бұл құралдың жадында соңғы рет қосылған құрылғы сақталады. Қосылым 1-қадамнан кейін автоматты түрде орнатылуы мүмкін (жоғарыда қараңыз).

Музыка тыңдау

Егер Bluetooth® функциясы бар құрылғыда “A2DP” және “AVRCP” Bluetooth® профильдеріне қолдау көрсетілсе, музыканы құралдағы қашықтан басқару операциялары арқылы ойнатуға болады.

- A2DP (Жетілдірілген аудио тарату профилі (Advanced Audio Distribution Profile)): Аудионы құралға жібереді.
- AVRCP (Аудио/бейнені қашықтан басқару профилі (Audio/Video Remote Control Profile)): Құрал арқылы құрылғыны қашықтан басқаруға мүмкіндік береді.

1 Bluetooth® құрылғысы мен құралды қосыңыз. (→ 15, “Bluetooth® құрылғысын қосу”)

2 Bluetooth® құрылғысында музыканы немесе бейнені таңдап, ойнатыңыз.

- Құрылғының құлаққаптары музыканы немесе ойнатылып жатқан бейненің дыбысын шығарады.
- Музыканы ойнату кезіндегі жұмыс процедуралары үшін (→ 21, “Сенсорлық датчиктермен пайдалану”)
- Жұмыс уақыты пайдалану шарттарына байланысты қысқаруы мүмкін.

■ Назар аударыңыз

- Құрал дыбыс деңгейіне байланысты дыбыс шығаруы мүмкін.
- Дыбыс максималды деңгейге жеткенде, музыка анық естілмеуі мүмкін. Дыбыс деңгейін дыбыс анық естілмейінше азайтыңыз.

Телефон арқылы қоңырау шалу

“HSP” немесе “HFP” Bluetooth® профиліне қолдау көрсетілетін Bluetooth® функциясы қосылған телефондар (ұялы телефондар немесе смартфондар) арқылы құралды қоңырау шалу үшін пайдалануға болады.

- HSP (Гарнитура профилі (Headset Profile)):

Бұл профильді құралдың микрофоны арқылы монофонды дыбыстарды қабылдау және екі жақты байланысты орнату үшін пайдалануға болады.

- HFP (Динамик арқылы байланыс профилі (Hands-Free Profile)):

HSP функцияларына қоса, бұл профилде кіріс және шығыс қоңырау шалу функциясы бар.

(Бұл құралдың Bluetooth® функциясы қосылған телефонына қарамастан телефон арқылы қоңырау шалуға мүмкіндік беретін функциясы жоқ.)

1 Bluetooth® құрылғысы мен құралды қосыңыз. (→ 15, “Bluetooth® құрылғысын қосу”)

2 Кіріс қоңырауына жауап беру үшін, құлаққаптағы сенсорлық датчикті (L немесе R) бір рет басыңыз.

- Кіріс қоңырауы келіп түскенде, рингтон құрылғы арқылы естіліп, құлаққаптың жарық диодтары жыпылықтайды.
- (Тек HFP) Телефон қоңырауын қабылдау үшін сенсорлық датчикті (L немесе R) шамамен 2 секунд басып тұрыңыз.

3 Сөйлесуді бастаңыз.

- Сөйлесіп жатқанда, құлаққаптың жарық диоды 2 рет жыпылықтайды.
- Дыбыс деңгейін телефонмен сөйлесіп жатқанда реттеуге болады.
Жұмыс процедуралары үшін (→ 21, “Сенсорлық датчиктермен пайдалану”)

4 Қоңырауды аяқтау үшін құлаққаптың сенсорлық датчигін (L немесе R) шамамен 2 секунд басып тұрыңыз.

Ескертпе

- Динамик арқылы байланыс параметрін Bluetooth® функциясы қосылған телефонда орындау қажет болатын жағдайлар болуы мүмкін.
- Bluetooth® функциясы қосылған телефонға байланысты, телефондағы кіріс және шығыс қоңырау рингтондары құралдан естілуі мүмкін.
- Құралдың микрофоны мен Bluetooth® функциясы қосылуы телефонның қолданбасы арқылы Bluetooth® функциясы қосылған телефоннан қоңырау шалуға болады. (→ 20, “Дауысты функцияны белсендіру”)


Сыртқы дыбысты басқару жүйесін пайдалану

Сыртқы дыбысты басқару функциясы шуды басу (тек **RZ-S500W**), айналадағы дыбыс және өшіру арасында ауыстырып-қосады. Дыбыс сапасы әр режим үшін оңтайлы етіп орнатылады.

1 Құлаққапты пайдалану кезінде, сенсорлық датчикті (R) шамамен 2 секунд басып тұрыңыз.

- Сенсорлық датчикті басып ұстап тұрған сайын режим ауыстырылып-қосылады. (Нұсқаулық хабары ауыстырылып-қосылған режим туралы хабарлайды.)

RZ-S500W



- Әдепкі деңгей параметрі — «Шуды басу»

RZ-S300W



- Әдепкі деңгей параметрі — «Өшіру»

2 Ойнату құрылғысының дыбыс деңгейін реттеңіз.

■ Шуды басу (тек **RZ-S500W**)

Сырттан естілетін дыбыстарды (шу) азайтады.

- Шуды басу функциясын пайдаланған кезде, шуды азайтатын тізбектен шығатын өте аз мөлшердегі шу естілуі мүмкін, бірақ бұл қалыпты жағдай және ешқандай ақаулық туғызбайды. (Мұндай өте төмен деңгейлі шуды тыныш жерлерде немесе әуендерді ауыстырған кезде естуге болады.)

■ Айналадағы дыбыс

музыканы тыңдау кезінде құлаққапқа кіріктірілген микрофондар арқылы айналадағы дыбысты естуге болады.

Пайдалы функциялар

«Panasonic Audio Connect» қолданбасын пайдалану

«Panasonic Audio Connect» қолданбасы (тегін) орнатылған смартфонмен Bluetooth® байланысын жасау арқылы құлаққаптың параметрлерін өзгерту секілді көптеген функцияларды пайдалана аласыз. (→ 14)

Дауысты функцияны белсендіру

Дауыстық функцияларды (Amazon Alexa, Siri және т.б.) смартфонда немесе ұқсас құрылғыда белсендіру үшін, құлаққаптағы сенсорлық датчикті пайдалануға болады.

- 1 Bluetooth® құрылғысы мен құралды қосыңыз. (→ 15, “Bluetooth® құрылғысын қосу”)**
- 2 Дауыстық функция белсендірілгенге дейін құлаққаптағы сенсорлық датчикті (L) басып тұрыңыз.**
 - Bluetooth® құрылғысындағы дауыстық көмекші функция белсендірілді.

Ескертпе

- Дауыстық функция пәрмендері туралы мәліметтерді Bluetooth® құрылғысына арналған пайдалану нұсқауларынан қараңыз.
- Дауыстық функция смартфон, т.б. сипаттамалары мен қолданба нұсқасына байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.

Жоғарыдағы 1-қадамды орындағаннан кейін, Amazon Alexa құрылғысын дауыстық көмекші ретінде пайдалану үшін төмендегі параметрді аяқтаңыз.

- 1 “Panasonic Audio Connect” қолданбасында Amazon Alexa құрылғысын дауыстық көмекші ретінде таңдаңыз.**
 - 2 “Sign in with Amazon” түймесін түртіңіз.**
 - Amazon кіргеннен кейін, құрылғы параметріне құлаққапты қосу керек.
- Amazon Alexa қолданбасының соңғы нұсқасын орнатыңыз.
 - Alexa қолданбасы барлық тілдерде және барлық елдерде қолжетімді емес. Alexa қолданбасының функциялары мен функционалдығы орналасқан жеріне байланысты өзгеруі мүмкін.
 - Қосымша мәліметтерді қолданба нұсқаулықтарынан немесе соған ұқсас анықтамалық материалдардан қараңыз.

Тек бір құлаққапты пайдалану

Бұл құралды жұптастыру (тіркеу) арқылы бір құлаққапты бөлек пайдалануға болады. Мысалы, егер сіз құлаққаптың R жағын ғана шығарып, L жағын зарядтау кейсінде қалдырсаңыз, R жағындағы құлаққап смартфонға қосылады. Осылайша, екіншісін зарядтау кезінде бір құлаққап арқылы музыка тыңдауға немесе қоңырау шалуға болады. (→ 15, “Bluetooth® құрылғысын қосу”) Дыбыс монофонды болады.

• Құлаққаптың тек біреуін ғана пайдаланған кезде, екінші құлаққапты зарядтау кейсінен алғанда құлаққаптар бір-біріне автоматты түрде сымсыз желі арқылы қосылады және екеуі бірдей пайдаланылады. Дыбыс стерео болады.

Сенсорлық датчиктермен пайдалану

Bluetooth® жұптастыру режиміне ауысу үшін немесе Bluetooth® құрылғысын қашықтан басқару үшін құлаққаптағы сенсорлық датчиктерді пайдалануға болады.

- Bluetooth® құрылғысына немесе қолданбасына байланысты құлаққаптағы сенсорлық датчиктерді пайдалансаңыз да кейбір функциялар жауап бермеуі немесе төменде сипатталғаннан өзгеше жұмыс істеуі мүмкін.

■ Сенсорлық датчиктерде орындауға қолжетімді әрекеттер тізімі

Функция	Сенсорлық датчик (L)	Сенсорлық датчик (R)
Музыка тыңдау		
Ойнату/кідірту	Бір рет басыңыз	
Дыбыс деңгейін көтеру	Жылдам 3 рет басыңыз	—
Дыбыс деңгейін түсіру	Жылдам 2 рет басыңыз	—
Әуенге өту	—	Жылдам 2 рет басыңыз
Әуенге қайту	—	Жылдам 3 рет басыңыз
Телефон арқылы қоңырау шалу		
Телефон қоңырауын қабылдау	Қоңырауды қабылдаған кезде бір рет түртіңіз	
Телефон қоңырауын қабылдамау	Қоңырауды қабылдаған кезде шамамен 2 секунд басып тұрыңыз	
Телефон қоңырауын аяқтау	Қоңырау кезінде шамамен 2 секунд басып тұрыңыз	
Сыртқы дыбыстарды басқару жүйесін өзгерту	—	Шамамен 2 секунд басып тұрыңыз
Дауыстық көмекшіні іске қосыңыз	Шамамен 2 секунд басып тұрыңыз	—
Bluetooth® жұптастыру режиміне орнатыңыз*	(→ 15, "Bluetooth® құрылғысын қосу")	
Зауыттық параметрлерді қайтарыңыз	(→ 22, "Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру")	

* Құлаққаптың екі жарық диоды (L және R) кезекпен көк және қызыл түспен жыпылықтайды

Ескертпе

- Сонымен қатар құлаққаптың бір ғана жағын бөлек пайдалануға болады. Мұндай жағдайда, пайдаланылып жатқан жағында қолжетімді операцияларды ғана орындауға болады.
- Максималды немесе минималды дыбыс деңгейіне жеткендігін білдіретін дыбыстық сигнал естіледі.

Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру

Құлаққаптағы жұптасатын құрылғы туралы барлық ақпаратты және т.б. жою қажет болған жағдайда, құлаққапты зауыттық параметрлеріне (сатып алу кезіндегі бастапқы параметрлер) келтіруге болады. Құлаққапты зауыттық параметрлерге қалпына келтіру алдында құлаққапты зарядтаңыз.

- 1 Құлаққаптың R жағын зарядтау көйсінен алыңыз.**
- 2 Құлаққаптың жарық диодтары (көк) жанғанда, сенсорлық датчикті (R) шамамен 7 секунд басып тұрыңыз.**
 - Құлаққаптың жарық диоды көк және қызыл түспен кезек-кезек жанады.
- 3 Сенсорлық датчикті (R) шамамен 10 секунд басып тұрыңыз.**
 - Құлаққаптың жарық диодтары (көк) жылдам жыпылықтайды және қуат өшірілгенде құлаққап зауыттық параметрлерге қайта орнатылады.
- 4 Құлаққаптың L жағы үшін де жоғарыдағы 1-3 қадамдарды орындаңыз.**

Ескертпе

- Құлаққапты Bluetooth® құрылғысымен қайта жұптастыру үшін құрылғыдағы тіркелген ақпаратты (құрылғы атауы: RZ-S500W немесе RZ-S300W) жойып, құлаққапты Bluetooth® құрылғысымен қайта жұптастырыңыз. (→ 15)

Авторлық құқық және т.б.

Bluetooth® мәтіндік белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. компаниясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және Panasonic Corporation мұндай белгілерді лицензия бойынша пайдаланады.

Басқа сауда белгілері мен атаулары олардың тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

Apple, Apple logo және Siri – Apple Inc. компаниясының АҚШ және басқа елдерде тіркелген сауда белгісі. App Store — Apple Inc. компаниясының қызмет көрсету белгісі.

Google, Android, Google Play және олармен байланысты басқа да белгілер мен логотиптер - Google LLC компаниясының сауда белгілері.

Amazon, Alexa және барлық қатысты логотиптер Amazon.com, Inc. немесе оның филиалдарының сауда белгілері болып табылады.

Осы құжатта кездесетін басқа жүйе атаулары мен өнім атаулары жалпы тіркелген сауда белгілері немесе тиісті дайындаушы компаниялардың сауда белгілері болып табылады.
TM белгісі мен ® белгісі бұл құжатта кездеспейтінін ескеріңіз.

Бұл өнімге GPL V2.0 және/немесе LGPL V2.1 бойынша лицензияланған бағдарламалық жасақтамадан басқа ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтама кіріктірілген. Жоғарыдағыдай санатқа кіретін бағдарламалық жасақтамалар пайдалы болады деген үмітпен, бірақ ЕШҚАНДАЙ КЕПІЛДІКСІЗ, тіпті ТАУАР САПАСЫНЫҢ немесе БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚТЫҢ ешқандай жанама кепілдігіңіз үлестіріледі. Төмендегі веб-бетте көрсетілген тиісті ержей-тегжейлі шарттар мен қауылыларды қараңыз.

<https://panasonic.jp/support/global/cs/audio/download/index.html>

Ақаулықтарды жою

Қызметке сұрау жібермес бұрын, келесі тексерулерді орындаңыз. Кейбір тексеру тармақтары бойынша күмәніңіз болса немесе көрсетілген құралдар мәселені шешпесе, нұсқау алу үшін дилерге хабарласыңыз.

Дыбыс және аудио деңгейі

Дыбыс жоқ.

- Құлаққап пен Bluetooth® құрылғысының дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. (→ 15)
- Bluetooth® құрылғысында музыка ойнатылып жатқанына көз жеткізіңіз.
- Құлаққап қосулы екеніне және дыбыс деңгейі тым төмен орнатылмағанына көз жеткізіңіз.
- Bluetooth® құрылғысы мен құралды қайта жұптастырып, қосыңыз. (→ 15)
- Bluetooth® функциясы бар құрылғыда «A2DP» профиліне қолдау көрсетілетініне көз жеткізіңіз. Профильдер туралы толық ақпаратты “Музыка тыңдау” бөлімінен қараңыз (→ 17). Сондай-ақ Bluetooth® функциясы бар құрылғының пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

Төмен дыбыс деңгейі.

- Құлаққапта ғана емес, Bluetooth® құрылғысында да дыбыс деңгейін көтеріңіз.
- Амбюшюрларда құлық, бөгде және т.б. заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Амбюшюрларды негізгі құрылғыдан (құлаққаптан) алып, оларды тазалау үшін “Құлаққап/Амбюшюрлар” (→ 3) бөлімін қараңыз.

Құрылғыдан шыққан дыбыс үзіледі. / Шу деңгейі жоғары. / Дыбыс сапасы нашар.

- Егер сигналдар бұғатталған болса, дыбыс үзілуі мүмкін. Осы құлаққапты алақаныңызбен және т.б. заттармен толық жаппаңыз.
- Құрылғы 10 метрлік байланыс ауқымынан тыс болуы мүмкін. Құрылғыны осы құлаққапқа жақындатыңыз.
- Осы құлаққап мен құрылғының арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.
- Пайдаланылмаған кезде кез келген сымсыз LAN құрылғысын өшіріңіз.

Bluetooth® құрылғысының қосылымы

Құрылғыны қосу мүмкін емес.

- Құлаққаппен ең көбі 10 Bluetooth® құрылғысын жұптастыруға болады. Максималды мөлшерден асқаннан кейін құрылғыны жұптастырсаңыз, алдыңғы құрылғылар қайта жазылады. Қайта жазылған құрылғыларды пайдалану үшін, жұптастыру әрекетін қайталаңыз.
- Bluetooth® құрылғысынан осы құралға арналған жұптастыру ақпаратын жойыңыз, содан кейін оларды қайта жұптастырыңыз. (→ 15)

Телефон қоңыраулары

Тұтқаның ар жағындағы адамның дауыс деңгейі төмен.

- Құлаққапта ғана емес, Bluetooth® құрылғысында да дыбыс деңгейін көтеріңіз.

Телефон арқылы қоңырау шалу мүмкін емес.

- Bluetooth® функциясы бар құрылғыда “HSP” немесе “HFP” профиліне қолдау көрсетілетініне көз жеткізіңіз. Профильдер туралы толық ақпаратты “Музыка тыңдау” (→ 17) және “Телефон арқылы қоңырау шалу” (→ 18) бөлімдерінен қараңыз. Сондай-ақ Bluetooth® функциясы қосылған телефонның пайдалану нұсқаулығын қараңыз.
- Bluetooth® үйлесімді телефондағы аудио параметрлерін тексеріңіз, егер параметр осы құралмен байланыс орнатпаса, параметрді өзгертіңіз. (→ 15)

Жалпы

Құлақпапты пайдалану мүмкін емес.

- Өшіріп, қайта қосып көріңіз. (→ 13)

Сол жақ және оң жақ батарея түрлі деңгейде таусылады.

- Сигнал және пайдалану шарттарына байланысты сол жақ және оң жақ батареялардың арасында кішкене айырмашылық болуы мүмкін.

Amazon Alexa қолданбасы жауап бермейді.

- Amazon Alexa қолданбасының белсендірілгеніне көз жеткізіңіз.
- Дауыстық көмекшінің Amazon Alexa қолданбасына орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Мобильді құрылғыда деректер байланысы қосұлы екеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғының Amazon Alexa қолданбасымен жұптасқанына көз жеткізіңіз.

Қуат көзі және зарядтау

Құралды зарядтау мүмкін емес.

- USB зарядтау сымы компьютердің USB клеммасына мықтап жалғанған ба? (→ 11)
- Құлақпап зарядтау кейсіне дұрыс салынған ба? (→ 11)
- Егер құлақпаптың жарық диодтары құлақпапты зарядтау кейсіне салғаннан кейін де жанбаса, онда зарядтау кейсінің заряды таусылған. Алдымен зарядтау кейсін зарядтаңыз.
- 10 °C - 35 °C аралығындағы бөлме температурасында зарядталуын қадағалаңыз.
- Компьютер қосұлы екеніне және күту немесе дыбыссыз режимде еместігіне көз жеткізіңіз.
- Ағымда пайдаланылып жатқан USB порты дұрыс жұмыс істеп тұр ма? Компьютерде басқа USB порттары болса, коннекторды ағымдағы порттан ажыратып, басқа порттардың біріне жалғаңыз.
- Жоғарыда аталған шаралар қолданылмаса, USB зарядтау сымын ажыратып, оны қайтадан жалғаңыз.
- Құрылғы толығымен зарядталған ба? Зарядтау кейсінің жарық диодтары құрылғы толығымен зарядталса бірден сөнеді.
- Зарядтау уақыты мен жұмыс уақыты қысқарса, құлақпаптағы батарея және зарядтау кейсі таусылған болуы мүмкін. (Кіріктірілген батареяларды зарядтау циклдары: әрқайсысы шамамен 500 рет)

Зарядтау кезінде құлақпаптар немесе зарядтау кейсі қызады.

- Зарядтау кезінде құлақпаптар мен зарядтау кейсі қызуы мүмкін, бірақ бұл қалыпты жағдай.

Құлақпап қосылмайды.

- Зарядтау кейсіне бір рет салып, құлақпаптың жарық диодтары (қызыл) жанғаннан кейін, оны қайта шығарыңыз.

Зарядтау кейсінің қақпағын ашқаннан кейінде оның жарық диодтары жанбайды.

- Батареяда заряд таусылған. Зарядтау үшін USB зарядтау сымын (жинаққа кіретін) пайдаланыңыз. (→ 11)
- Құлақпапты зарядтау кейсінен алыңыз да, USB зарядтау сымын ажыратқаннан кейін қақпағын жауып, 3 минутқа қалдырыңыз. Содан кейін зарядтау кейсінің қақпағын ашып, қуаттың қосылғанына көз жеткізіңіз.

Техникалық сипаттамалар

■ Жалпы

	RZ-S500W	RZ-S300W
Қуат көзі	ТТ 5 В, 2,5 Вт	
Ішкі батарея	Құлаққап: 3,7 В, Литий полимерлі 85 мА/сағ Зарядтау кейсі: 3,7 В, Литий полимерлі 800 мА/сағ	Құлаққап: 3,7 В, Литий полимерлі 55 мА/сағ Зарядтау кейсі: 3,7 В, Литий полимерлі 800 мА/сағ
Жұмыс уақыты ^{*1} (Құлаққап)	Шамамен 6,5 сағат (Шуды басу: ON (Қосулы), AAC) Шамамен 7,5 сағат (Шуды басу: OFF (Өшірулі), AAC) Шамамен 6 сағат (Шуды басу: ON (Қосулы), SBC) Шамамен 7 сағат (Шуды басу: OFF (Өшірулі), SBC)	Шам. 7,5 сағат (AAC) Шам. 7 сағат (SBC)
Жылдам зарядтаудың жұмыс уақыты ^{*1} (Құлаққап)	15 мин. зарядтау, шамамен 70 мин. (Шуды басу: ON (Қосулы), AAC) 15 мин. зарядтау, шамамен 80 мин. (Шуды басу: OFF (Өшірулі), AAC) 15 мин. зарядтау, шамамен 60 мин. (Шуды басу: ON (Қосулы), SBC) 15 мин. зарядтау, шамамен 70 мин. (Шуды басу: OFF (Өшірулі), SBC)	15 мин. зарядтау, шамамен 90 мин. (AAC) 15 мин. зарядтау, шамамен 80 мин. (SBC)
Жұмыс уақыты ^{*1} (Құлаққап + Зарядтау кейсі)	Шамамен 19,5 сағат (Шуды басу: ON (Қосулы), AAC) Шамамен 22,5 сағат (Шуды басу: OFF (Өшірулі), AAC) Шамамен 18 сағат (Шуды басу: ON (Қосулы), SBC) Шамамен 21 сағат (Шуды басу: OFF (Өшірулі), SBC)	Шам. 30 сағат (AAC) Шам. 28 сағат (SBC)
Күту уақыты ^{*1} (құлаққаптар)	Шамамен 7,5 сағат (Шуды басу: ON (Қосулы)) Шамамен 12 сағат (Шуды басу: OFF (Өшірулі), Auto power off (Автоматты түрде өшіру) параметрі жұмыс істемейді)	Шамамен 24 сағат (Auto power off (Автоматты түрде өшіру) параметрі жұмыс істемейді)
Зарядтау уақыты ^{*2} (25 °C)	Құлаққап: Шам. 2 сағат Зарядтау кейсі: Шам. 2,5 сағат Зарядтау кейсі бар құлаққап: Шам. 4 сағат	
Зарядтау температурасының ауқымы	10 °C - 35 °C	
Жұмыс температурасының ауқымы	0 °C - 40 °C	
Жұмыс ылғалдылығының ауқымы	35 % СЫ - 80 % СЫ (конденсатсыз)	
Салмақ	Құлаққап: Шамамен 7 г (тек бір жағы: «L» және «R» жақтары бірдей) Зарядтау кейсі: Шамамен 45 г	Құлаққап: Шамамен 4 г (тек бір жағы: «L» және «R» жақтары бірдей) Зарядтау кейсі: Шамамен 45 г

*1 Пайдалану шарттарына байланысты қысқа болуы мүмкін.

*2 Батарея қуатын бос күйден толық күйге дейін зарядтауға қажет уақыт.

■ Bluetooth® бөлімі

Bluetooth® жүйесінің техникалық сипаттамасы	5.0 нұс.
Сымсыз жабдық классификациясы	1-класс
Радиожиліктің максималды қуаты	11 дБм (12,5 мВт)
Жиілік ауқымы	2402 МГц - 2480 МГц
Қолдау көрсетілетін профильдер	A2DP, AVRCP, HSP, HFP
Қолдау көрсетілетін кодек	SBC, AAC
Жұмыс қашықтығы	10 м-ге дейін

■ Құлаққаптар бөлімі

	RZ-S500W	RZ-S300W
Жетек құралдары	8 мм	6 мм
Микрофон	Моно, MEMS микрофоны	

■ Зарядтау кейсінің бөлімі

Зарядтау клеммасы	USB C түріндегі пішін
-------------------	-----------------------

■ Керек-жарақ бөлімі

	RZ-S500W	RZ-S300W
USB зарядтау сымы (Кіріс аша: USB A пішіні, Шығыс аша: USB C түріндегі пішін)	Шамамен 0,5 м	
Құлаққап жастықшалары жиынтығы	XS, S, M, L, XL әрқайсысы 2 дана, (М өлшемі бекітілген)	XS, S, M, L әрқайсысы 2 дана, (М өлшемі бекітілген)

■ Су өтпейтін

Су өтпейтін	IPX4 баламасы (тек құлаққаптар)
-------------	---------------------------------

• Техникалық сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өнімді қоқысқа тастау кезінде


Кіріктірілген батареялар қайта өңделетін құнды ресурс болып табылады. Өнімді қоқысқа тастау кезінде, оны жергілікті экологиялық нормалар мен заңдарға сәйкес тастаңыз.

Батареялар туралы ақпарат алу үшін осы құжаттағы сипаттамаларды қараңыз.

Амбушюрды тазалау


Амбушюрларды пайдалану жайлы болуы үшін, оларды жүйелі түрде тазалап отыру керек.

Амбушюр саңылауларына бұлық немесе басқа бөгде зат жабысып қалса, дыбыс деңгейін азайту сияқты акустикалық сипаттар өзгеруі, сондай-ақ ақаулар пайда болуы мүмкін.




Амбушюр түрін тексеріңіз,
төмендегі **A** and **B** түрлерінің бірін
таңдаңыз.

A Губкасы жоқ түрі



(→ 29, “**A** Губкасы жоқ түрі”)


B Губкасы бар түрі





(→ 30, “**B** Губкасы бар түрі”)

A Губкасы жоқ түрі**1 Амбушюрларды алыңыз.**



- Оларды ұстап, ақырын бұрап алыңыз.
- Амбушюрларды құлаққаптарға бекітілген кезінде тазаласаңыз, құлаққаптардағы қорғаныс торын зақымдауыңыз мүмкін.

**2 Амбушюрлардың іші-сыртын тазалау үшін мақта таяқшалар, т.б. пайдаланып, бөгде заттарды кетіріңіз.**


- Ерітілген бейтарап жуғыш пайдаланып, амбушюрларды қолмен жуыңыз. Содан кейін ылғалын жақсылап сүртіп, кетіріңіз. (→ 31, "Амбушюрлар тым лас болған кезде тазалау")
- Амбушюрларды құлаққаптарға бекітілген кезінде тазаласаңыз, құлаққаптардағы қорғаныс торын зақымдауыңыз мүмкін.

**3 Құлаққаптың қорғаныс торына жабысып қалған бұлықты, бөгде затты, т.б. кетіру үшін үрлеңіз және т.б.**

- Егер құлаққаптарға шашты сәндеуге арналған құрал немесе макияж жұғып қалса, оларды дереу жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз. (Қорғаныс торын ұстамаңыз, себебі бұл дыбыстық сипаттамаларға әсер етуі мүмкін.)
- Қорғаныс торын мақта таяқшамен тазаласаңыз, ол бітеліп, ақаулықтар туындауы мүмкін.

**4 Амбушюрларды салыңыз.**


- Олардың құлаққаптарға мықтап бекітілгенін және қисайып тұрмағанын тексеріңіз.
- Құлаққаптарды бөгде және т.б. заттардан қорғау үшін зарядтау кейсінде сақтаңыз.



В Губкасы бар түрі



1 Амбушюрларды алыңыз.

- Оларды ұстап, ақырын бұрап алыңыз.
- Амбушюрларды құлаққаптарға бекітілген кезінде тазаласаңыз, құлаққаптардағы қорғаныс торын зақымдауыңыз мүмкін.





2 Амбушюрлардың сырттын тазалау үшін мақта таяқшалар, т.б. пайдаланып, бөгде заттарды кетіріңіз.

- Ерітілген бейтарап жуғыш пайдаланып, амбушюрларды қолмен жуыңыз. Содан кейін ылғалын жақсылап сүртіп, кетіріңіз. (→ 31, "Амбушюрлар тым лас болған кезде тазалау")
- Амбушюрларды құлаққаптарға бекітілген кезінде тазаласаңыз, құлаққаптардағы қорғаныс торын зақымдауыңыз мүмкін.




3 Құлаққаптың қорғаныс торына жабысып қалған бұлықты, бөгде затты, т.б кетіру үшін үрлеңіз және т.б.

- Егер құлаққаптарға шашты сәндеуге арналған құрал немесе макияж жұғып қалса, оларды дереу жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз. (Қорғаныс торын ұстамаңыз, себебі бұл дыбыстық сипаттамаларға әсер етуі мүмкін.)
- Қорғаныс торын мақта таяқшамен тазаласаңыз, ол бітеліп, ақаулықтар туындауы мүмкін.



4 Амбушюрларды салыңыз.

- Олардың құлаққаптарға мықтап бекітілгенін және қисайып тұрмағанын тексеріңіз.
- Құлаққаптарды бөгде және т.б. заттардан қорғау үшін зарядтау кейсінде сақтаңыз.





■ Амбушюрлар тым лас болған кезде тазалау


1 Оларды саусақтарыңыздың ұшымен жуыңыз.

(Бейтарап жуғыш ерітілген жылы суда жуған тиімді.)


- Амбушюрлардың губкасын алмаңыз.



2 Жуғаннан кейін таза сумен шайыңыз.



3 Ылғалын кетіру үшін жұмсақ, құрғақ шүберек арасына қойып, 3-5 рет басыңыз.



ТҰТЫНУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Өнімнің атауы:	Сандық сымсыз стерео Құлақаспап
Өндіріс елі:	Малайзия
Өндірушінің атауы:	Панасоник Корпорэйшн
Заңды мекенжайы:	1006 Кадома, Осака, Жапония
Дайындау күні кодты түрде көрсетілген: 9AXXX немесе 20190115 Код бойынша күні анықталады. Мысалы: 1) 9AXXX (X - кез-келген сан немесе әріп) -- Қаңтар 2019 Жылы: кодтағы бірінші белгі (9-2019, 0-2020, ... 8-2028) Айы: кодтағы екінші белгі (А-қаңтар, В-ақпан, ... L-желтоқсан) 2) 20190115 (год, месяц, день) -- 15 Қаңтар 2019	
Қызмет мерзімі:	1 жыл
Қосымша ақпарат:	осы өнімді пайдалану алдында пайдалану нұсқауларын оқып шығыңыз.



ӨНІМДІ СӘЙКЕСТІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТЫ

Сымсыз сымсыз гарнитура "Panasonic", RZ-S300W, RZ-S300WGE-K, RZ-S300WGE-W, RZ-S500W, RZ-S500WGE-K үлгілері TP TC 020/2011, TP EAЭС 037/2016 талаптарына сай келеді

Сертификаттау органы:	СЕРТИФИКАТТАЛҒАН ТЕСТБЭТ СО 119334, Мәскеу, Андреев жағалауы, 2 үй	
Үлгі нөмірі:	RZ-S300W, RZ-S300WGE-K, RZ-S300WGE-W	RZ-S500W, RZ-S500WGE-K
Сертификат :	EAЭС RU C-JP.ME10.B.00532/20	EAЭС RU C-JP.ME10.B.00533/20
Сертификаттың берілген күні :	2020/4/29	
Сертификаттың жарамдылық мерзімі :	2025/4/28	

Мағлұмдаушы:	ЖШС «Панасоник Рус» Ресей, 115191, Мәскеу, Б. Тульская к-сі, 11 үй 24.07.2020 бастап жаңа мекен-жай Ресей, 115162, Мәскеу, Шаболовка к-сі, 31Г үй, қабат/ бөлме антресоль 1 қабат/10	
Сәйкестік туралы декларация:	EAЭС N RU Д-JP.PA01.B.37853/20	
Декларацияның тіркелген күні:	2020/4/30	
Декларация дейін жарамды:	2025/4/29	

Өндіруші:

**Панасоник Корпорэйшн 1006, Оаза Кадома, Кадома-ши, Осака, 571-8501 Жапония
Малайзияда жасалған**

<Ескерту>

Егер басқа жолдама құжаттарда көрсетілмеген жағдайда, төмендегі шарттарды орындаңыз.

- 1.Тегіс, берік бетке орналастырыңыз, тек алынатын бөлшектер немесе қозғалмайтын бөлшектерден басқа.
- 2.Жабық және құрғақ жерде сақтау керек.
3. Тасылмалдауды құлатусыз, аса вибрациясыз және басқа заттарға соғусыз жасау керек.
- 4.Көдеге жаратуды ұлттық және жергілікті заңдарға сәйкес жасау керек.

Сату шарттары өндірушімен орнатылмаған және мемлекеттің тауарды пайдаланудың ұлттық немесе жергілікті заңдарына сай болуы керек.

Кепілдік мерзімі және қызмет мерзімі - 1 жыл

Импорттаушы

ЖШС «Панасоник Рус» , РФ, 115162, Мәскеу, Шаболовка к-сі, 31Г үй,
қабат/ бөлме антресоль 1 қабат/10

Тел. 8-800-200-21-00

<Тұтынушылардың наразылықтарын алуға өндіруші рұқсат берген
ұйым>

Қазақстан Республикасындағы өнімнің сапасына байланысты наразылықтарды қабылдауға өкілетті ұйым:

ЖШС «Панасоник Рус» Алматы қ. Филиалы Қазақстан, 050051, Алматы қ., Достық даңғылы, 192, 3 қабат.

Panasonic ақпараттық орталығы:

+7 (727) 330-88-07 – Алматы қ. мен Қырғызстаннан қоңырау шалу үшін.

8-800-0-809-809 – Қазақстан аумағында жергілікті хялы байланыс пен қалалық операторларынан тегін қоңырау шалу.

Организация, уполномоченная на принятие претензий по качеству продукции на территории Республики Казахстан:

Алматинский филиал ООО « Панасоник Рус », Казахстан, 050051, г. Алматы, проспект Достык, 192, 3-й этаж.

Информационный центр Panasonic:

+7 (727) 330-88-07 – для звонков из г. Алматы и Киргизстана.

8-800-0-809-809 – бесплатный звонок с городских и мобильных телефонов местных сотовых операторов в пределах Казахстана.

